

## Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың кейбір мәселелері туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 шілдедегі N 231 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 шілдеде N 2880 болып тіркелді. Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы №194; кімдігінің 2 тамыз 2019 жыл № 194 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 02.08.2019 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабының 2-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлері қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың қоса берілген қағидасы бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Ж.Т. Есдәулетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
КЕЛІСІЛДІ

Қ. Пішенбаев

"Солтүстік Қазақстан облысының  
ішкі істер департаменті  
Мағжан Жұмабаев ауданының  
Ішкі істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы

М.Қ. Нұрпейісов

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
әкімдігінің

## **Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтаудың түрлері мен мөлшерлері**

1. Аудан әкімінің Құрмет грамотасы.
2. 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшердегі ақшалай сыйақы.
3. Бағасы 10 есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құнды сыйлық.

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мағжан Жұмабаев ауданы  
әкімдігінің  
2014 жылғы 2 шілдедегі  
№ 231 қаулысымен бекітілген

## **Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды мадақтау қағидасы**

Осы Қағида қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу тәртібін айқындайды.

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелеу туралы ұсынымды Комиссияға қарауға "Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – СҚО ІІД Мағжан Жұмабаев ауданының ІІБ) енгізеді.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермелеу түрлерін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу және құнды сыйлықты алу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша СҚО ІІД Мағжан Жұмабаев ауданының ІІБ бастығының бұйрығы шығарылады.

6. СҚО ІІД Мағжан Жұмабаев ауданының ІІБ ақшалай сыйақыны төлеуді және бағалы сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді.

7. Көтермелеулерді төлеуге қаражат облыстық бюджетте, Солтүстік Қазақстан облысының ішкі істер департаменті 252 003 "Қоғамдық тәртіпті

қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу" бюджеттік бағдарламасымен көзделеді.

8. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Құрмет грамотасын, ақшалай сыйақы, бағалы сыйлықтар беруді СҚО ІД Мағжан Жұмабаев ауданының ІБ салтанатты жағдайда жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК